"Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қобда ауылы 22 шілде 2026 жыл

Төрағалық етуші: Ж.Темирбаев – Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы

Қатысқандар: бөлімнің қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. "Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

Темирбаев Ж.К. - Қобда аудандық сәулет, құрылыс, ТҰКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің құрылымына сәйкес 6 мемлекеттік қызметкер, 1 жүргізуші, 2 тыс қызметкер.

Қобда ауданы мемлекеттік мекемелерінде «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекеменің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – талдау) объектісі" Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) қызметі болып табылады.

Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемелерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында 2026 жылғы 8 маусымдағы № 92 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі-2026 жылғы 22 маусым - 22 шілдеге дейін.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты мемлекеттік мекемелердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оны жою болып табылады.

Талдау міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың мемлекеттік мекемелердегі салдарын жою болып табылады..

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;

4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;

5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

7) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер;

10) сот органдарының талдау объектісі, қылмыстық істер фабуласы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты шешімдері;

11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;

13) талдау объектісі қызметкерлерінің сауалнамасының нәтижелері;

14) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Ішкі құжаттарда (бұдан әрі - ЖІӨ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Байганин М.А. - ҚР «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне» сәйкес, мемлекеттік қызметтер Қобда аудандық сәулет, құрылыс, ТҰКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен көрсетіледі.

Қобда аудандық сәулет, құрылыс, ТҰКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде төмендегі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. «ҚР аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру»
2. «Құрылыс және реконструкция(қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»
3. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу»
4. «Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру»
5. «Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару»
6. «Ағаштарды кесуге рұқсат беру»
7. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру»
8. «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру»
9. «Тұрғын үй сертификаттарын беру»
10. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру»
11. «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру»
12. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру»
13. «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды келісу»
14. «Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту»
15. «Ауданаралық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау».

2026 жылдың 22 маусым-22 шілде аралығында бойынша Қобда аудандық сәулет, құрылыс, ТҰКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 15 түрі бойынша барлығы 99 қызмет көрсетілді.

Оның электрондық түрде **99** мемлекеттік қызмет көрсетілді.

А.ж. 22 маусым-22 шілде аралығында Қобда аудандық сәулет, құрылыс, ТҰКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша ішкі талдау кезінде анықталған бұзушылықтар саны – 0. Жауапкершілікке тартылғандар саны-0.

Ұсыныстар:

Ішкі талдау нәтижесінде анықталған тәуекелдерді төмендету және олардың қайталануына жол бермеу мақсатында төмендегі ұсынымдарды іске асыру ұсынылады:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде Қазақстан Республикасының **«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының** талаптарын сақтау бойынша жауапты қызметкерлерге тұрақты құқықтық оқыту ұйымдастыру.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері мен сапасына ай сайын ішкі мониторинг жүргізіп, анықталған кемшіліктер бойынша жедел шаралар қабылдау.

3. Мемлекеттік қызметтердің электрондық форматта көрсетілу үлесін одан әрі арттыру жұмыстарын жалғастыру.

2. Мемлекеттік сатып алу саласы бойынша

1. **Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен** бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының бекіту мемлекеттік сатып алуға жауапты қызметкерлер арасында тұрақты зерделеуді қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде техникалық ерекшеліктерді әзірлеу мен конкурстық құжаттаманы келісудің ішкі бақылау тетіктерін күшейту.

3. Камералдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу үшін тоқсан сайын құқықтық оқыту ұйымдастыру.

4. Мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатысты тәуекелдерді төмендету мақсатында ішкі тексеру (өзін-өзі бақылау) тәжірибесін енгізу.

3. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет бойынша

1. Лауазымдық міндеттердің бөлінуін және қызметкерлердің функционалдық міндеттерін жыл сайын қайта қарап, мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмау.

2. Бөлім қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, Әдеп кодексі және мемлекеттік қызмет қағидалары бойынша біліктілігін тұрақты арттыру.

3. Ішкі бақылау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу.

4. Ашықтық және жариялылық

1. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, мемлекеттік сатып алу және бөлімнің қызметі туралы өзекті ақпаратты ресми интернет-ресурста және әлеуметтік желілерде тұрақты жариялау.

2. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысында ашықтықты қамтамасыз ету және өтініштерді қарау мерзімдерінің сақталуына бақылауды күшейту.

5. Алдын алу шаралары

1. Жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша әзірленген ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізу.

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында тоқсан сайын түсіндіру семинарлары мен құқықтық оқыту іс-шараларын өткізу.

Комиссия төрағасы : _____ Темирбаев Ж.К.

Хатшы: _____ Культлеува А.А.